



## Ә.КЕКІЛБАЕВ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ОБРАЗ СОМДАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АМАЛДАРЫ

Жеткизгенова А.Т.

YESSEN OV UNIVERSITY

қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к.

Қазақстан, Ақтау қ.

Спатаева С.Т.

Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті докторанты

Әбіш Кекілбаев романдарындағы образ сомдаудың психологиялық амалдары – кейіпкердің ішкі әлемін ашу арқылы ұлттық болмысты терең танытатын көркемдік тәсілдердің жиынтығы.

Әбіш Кекілбаев – терең психологизммен ерекшеленетін қаламгер. Оның романдарында кейіпкер бейнесін сомдауда ішкі монолог, көркем диалог, психологиялық портрет, уақыт пен кеңістік категориялары арқылы адам жанының терең иірімдері ашылады.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, көркем сөздің кемеңгері Әбіш Кекілбаев – ұлттық прозада философиялық тереңдік пен психологиялық талдаудың жаңа деңгейін қалыптастырған қаламгер. Оның шығармалары ұлттық рух пен адам болмысының күрделі қырларын, тұлғаның ішкі жан арпалысын, өмір мен өлім, ар мен ұят, борыш пен махаббат сияқты мәңгілік категорияларды көркемдік тұрғыда зерделеумен ерекшеленеді.

Ә.Кекілбаев шығармаларының басты ерекшелігі – кейіпкер әлемін сыртқы әрекет арқылы ғана емес, **ішкі рухани кеңістік арқылы** ашуында. Бұл тәсіл жазушының образ сомдаудағы психологиялық амалдарын айқындаудың өзегіне айналады.

Ә.Кекілбаевтың прозалық поэтикасы – адамның ішкі әлеміне бағытталған терең психологиялық талдауға негізделген. «Аңыздың ақыры» романындағы хан бейнесі сырттай билеуші тұлға болғанымен, іштей күмән мен рухани күйзеліс құрсауында өмір сүреді. Оның ішкі монологтары арқылы оқырман **билік пен ардың, махаббат пен өшпенділіктің** мәңгілік тартысын сезінеді.

Жазушының ішкі монологты қолдану ерекшелігі – ол кейіпкердің ойын жай баяндап қоймайды, оны **сананың үзік-үзік ағымында** береді. Бұл тәсіл арқылы кейіпкердің эмоциялық күйі, ой жүйесіндегі қайшылықтар мен тылсым түйсіктер табиғи көрініс табады.

Жазушы шығармаларындағы символдық жүйе – адамның рухани әлемін бейнелеудің басты құралы. «Үркер» мен «Елең-алаң» романдарындағы



табиғат көріністері, аспан денелері, түн мен жарық, жел мен дала бейнелері – барлығы кейіпкердің ішкі ахуалымен астасып жатады. Мысалы, **тас пен дала** символдары – адам жанының мықтылығы мен жалғыздығын білдіреді. Тас – тарих куәсі, ал дала – еркіндік пен шексіздік нышаны. Бұл символдар кейіпкердің рухани ізденісі мен өмір мәнін түсінуге ұмтылысын бейнелейді.

Жазушының мифопоэтикалық ойлау жүйесі – ұлттық архетиптермен тығыз байланысты. Хан, батыр, дана бейнелері арқылы ол тек жеке адамның емес, **халықтың ұжымдық санасын** суреттейді. Осы арқылы жазушы кейіпкер психологиясын тарихи және мәдени кеңістікпен сабақтастырады.

Қаламгер диалогты тек ақпарат алмасу құралы ретінде емес, **ішкі қақтығыстың драмалық көрінісі** ретінде қолданады. Кейіпкерлер арасындағы үнсіздік, іштей толғаныс, сезімнің іркілісі – психологиялық шиеленісті күшейтеді. Мысалы, «Аңыздың ақыры» романында хан мен мүсінші арасындағы үнсіздік олардың рухани арпалысын айқындайды. Осы үнсіздікте – сенім мен күмән, билік пен өнер, махаббат пен өкініш тоғысады.

«Ақырғы аялдама» шығармасында ауыл өмірінің тынысы, адамдар арасындағы қарым-қатынас, естеліктер мен өмірдің соңғы аялдмасына қарай бет алған қариялардың ішкі толғаныстары сипатталады. Шығармада диалогтар арқылы кейіпкерлердің мінезі мен өмірге көзқарасы ашылады.

Қарттар арасындағы әңгіме – өмірдің мәні мен өткені туралы терең ойларға жетелейді. Шығармада «Жанқожа» есімді кейіпкердің тағдыры мен ауылдағы адамдардың оған деген көзқарасы көрініс табады. «Ақырғы аялдама» – тек физикалық аялдама емес, өмірдің соңғы кезеңін білдіретін метафора ретінде қолданылған.

Қаламгер шығармаларында кейіпкерлерге есім беруде өзгелерге ұқсамайтын даралығы – бір есім атауы бірнеше шығармада қайталанып келеді. Мысалы, Ажар, Әбен есімдері Әбіш Кекілбаевтың бірнеше шағын прозалық шығармасында (әңгімелерінде) қайталана кездеседі және типологиялық тұрғыдан бір бейненің түрлі қырларын көрсетеді.

Әбіш Кекілбаев – адам жанының терең психологиясын нәзік суреттеген, қазақ прозасындағы интеллектуалды және философиялық бағыттың көрнекті өкілі. Оның әңгімелеріндегі әйел бейнелері – уақыт пен қоғамның рухани ахуалын көрсететін ерекше көркем жүйе. Солардың ішінде **Ажар** есімді кейіпкер бірнеше шығармасында қайталана көрініп, жазушының әйел болмысына, адамның рухани ізденісіне және қоғамдағы тұлғаның орнына қатысты ой-толғамдарын жинақтап көрсететін **біртұтас көркем тип** ретінде танылады.



Ә.Кекілбаев шығармаларындағы Ажарлар («Жүнді барак», «Көз жасы», «Галстук сатушы қыз», «Кек») – әр түрлі әлеуметтік жағдайда өмір сүргенімен, олардың барлығын **рухани жалғыздық, нәзіктік пен ішкі мұң** біріктіреді. Жазушы әр әңгіменің сюжетінде Ажарды өмірдің өзге қырында көрсетеді, әр түрлі кейіпкер, әр түрлі бейне — бір әйелдің түрлі өмірлік кезеңдері мен рухани күйзеліс сатыларын еске түсіреді.

«Жүнді барақтағы» Ажар соғыстан күйеуі Текесті күткен келіншек: «Сонау шеттегі үйдің ығында қаңылтыр шелекті даңғыратып жүрген Текес сорлының он жасар қызы Бәтес. Темір жолдың бойында рельсті тық-тық ұрып жүрген соның әйелі Ажар. Сырмақ күртесін киіп ап, ертелі-кеш жолды қарап тентіреді де жүреді. Ажар десе ажар. Екі беті қызыл алмадай албырайды да тұрады. Көзі тостағандай. Көргеннің көзінің жауын алып жайраңдап жүретін еді. Бейбақ боп қалғанын әлі білмейді. Ол жетіп келмей тұрғанда үйіне аяқ іліктірсе екен. Үйреншікті әдетіне басып, жүрексіне тіл қатып: «Қайнаға, біздің үйдің кісісінен хат жоқ па екен?», - десе, бұл не демекші...». Қара қағазды қалтасына басқан Сойдақ тіс Сабырдың алдағы күнге деген болжамы табиғатпен астаса беріледі: «Желтөбенің етегіндегі ауылға енді жақындай бергенде барып байқады - батар күн құлақтанып тұр екен. Таяқ жеген қатынның көзіндей талаурап алыпты. Шашып тұрған сәулесі де ақ теңбіл, көк теңбіл, сары теңбіл боп әлемтапырықтанып кетіпті. Сойдақ тіс Сабырдың жүрегі дір ете қалды. Осы бір кішкене қыстақты шошытатындай сұмдық-ақ көп екен бұл дүниеде».

Барлық шығармада да Ажар – **сезім мен сана арасындағы арпалысты бастан кешкен, рухани тазалықты аңсаған тұлға**. Автор Ажардың ішкі дүниесін көбіне **ішкі монолог, бейнелі деталь, символдық суреттеу** арқылы ашады.

Мысалы: Ажар үйіне кеп терезенің алдында ұзақ отырып қалды. Қарсыдағы Әбендер тұратын үйдің терезелеріне шам жана бастады. Олардың терезесі қайсы екен? Жыпырлаған көп оттың ішінен өз көкірегі алыстан алауын ғана көріп, жылынып жүрген отты таба алмай әбден дал болды. Терезесін жауып, орнынан тұрып еді, бұрыш-бұрыштың бәрі бұлыңғыр тартып, қарауытып көрінді. Бөлмесін бұны әрлі-бәрлі аунақшытатын меңіреу түн жайлап келеді» («Галстук сатушы қыз») деп Ажардың жаураған жанын Әбен үйінің терезесінен көрінер жарық арқылы үмітін отпен жылытпақшы болады, алау мен оттың айырмасын ұғындырады түсті. Ажар – өз дәуірінің **ішкі драмасын** көтерген бейне. Ажар тек жеке тұлға ғана емес, замананың рухани айнасы.



Ол өмірдің тұрмыстық шындығы мен рухани сағынышын қатар алып жүреді. Ажар – нәзік, бірақ іштей мықты тұлға; қоғамның қыспағында жүрген, алайда ішкі әлемінде жарық пен сенім іздеген кейіпкер.

Жазушы бұл образ арқылы адам мен қоғам арасындағы үйлесімсіздікті ғана емес, әйел жанының тылсым тереңдігін де көрсетті.

Автордың өзі «Ажар» триптихінің эпиграфы етіп: «Бәрінің де басты қаһарманы – Ажар, тіршілік ажары әйел.

Бомбадан бастап, бейбастақ қалжыңға дейін адамның адамға істейтін қиянатының қай-қайсына да тәнімен, жанымен, бүкіл болмысымен күйзелетін тек әйел ғана.

Еркектердің шүмектеген қанын, шақырлаған тісін емес, әйелдің мөлдірей аққан көз жассы мен селкілдеген иығын көргенде барып: “Адамдар-ау, қамшының сабында кеп-келте өміріңізде бір-біріңізді ренжіте көрмесеңізші, әр минут, әр секундтеріңіз санаулы ғой, олар тұнжырап өтпесінші,” – деп алады. Бұл эпиграфта Әбіш Кекілбаев әйелдің болмысын, тіршіліктегі орнын және адамзаттың қиянатын ең терең сезінетін жан ретінде сипаттайды. Ол әйелдің нәзіктігі мен рухани күшін алдыңғы орынға қояды.

Әбіш Кекілбаевтың «Ажар» триптихіне жазған эпиграфы – әйел бейнесі арқылы адамзаттың рухани болмысын ашуға бағытталған философиялық ой. Эпиграфтың әр жолы терең мағынаға ие: «Бәрінің де басты қаһарманы – Ажар, тіршілік ажары әйел». Мұнда «Ажар» – тек кейіпкер емес, әйелдің символы. Әйел – өмірдің сәні, мәні, тіршіліктің ажары. Ол тек отбасының ұйытқысы емес, бүкіл адамзаттың рухани тірегі.

«Бомбадан бастап, бейбастақ қалжыңға дейін адамның адамға істейтін қиянатының қай-қайсына да тәнімен, жанымен, бүкіл болмысымен күйзелетін тек әйел ғана» Бұл жолдарда әйелдің сезімталдығы мен жан дүниесінің тереңдігі көрсетіледі. Қоғамдағы зорлық-зомбылық, соғыс, тіпті жай сөзбен ренжіту – бәрі әйелдің жүрегіне ауыр тиеді. Ол тек физикалық емес, рухани жарақат алады.

«Еркектердің шүмектеген қанын, шақырлаған тісін емес, әйелдің мөлдірей аққан көз жасы мен селкілдеген иығын көргенде барып...» Бұл жерде автор еркектің сыртқы күшін емес, әйелдің ішкі күйзелісін алға тартады. Қан мен тіс – физикалық ауыртпалық, ал көз жасы мен селкілдеген иық – рухани азаптың көрінісі. Бұл – адамзаттың шынайы трагедиясы.

Бұл эпиграф – әйелдің нәзіктігі мен рухани тереңдігін, адамзаттың бір-біріне деген жауапкершілігін еске салатын көркем философиялық үндеу. Әбіш Кекілбаев әйел бейнесі арқылы адамгершілік, мейірім, кешірім секілді



ұғымдарды алға тартады. Бұл – тек әдеби емес, өмірлік ұстанымға айналуға лайық ой.

Ажар бейнесі – Әбіш Кекілбаевтың прозасында өмір сүретін біртұтас көркем тип. Ол әйелдің рухани әлемін, жалғыздығын және адамдық қадірін ашу арқылы қазақ әдебиетінде жаңа психологиялық бағыттың үлгісін қалдырды.

Автор баяндау мәнерінде **философиялық ойлау мен психологиялық байқағыштықты** қатар ұштастырады. Авторлық баяндаулар арқылы ол кейіпкердің ішкі әлеміне терең еніп, оның мінезін, ойлау логикасын, рухани эволюциясын бейнелейді.

Мысалы, «Үркер» романында Абылай хан бейнесі тек тарихи тұлға емес, **ұлт тағдырының символдық бейнесі** ретінде көрініс табады. Автор оның ішкі шешімдерін талдай отырып, ұлттың рухани даму заңдылығын да бейнелейді.

Әбіш Кекілбаевтың романдарындағы образ сомдаудың психологиялық амалдары – қазақ прозасында жаңа көркемдік-эстетикалық деңгей қалыптастырған құбылыс.

Жазушы ішкі монолог, сана ағымы, символизм, мифопоэтика, үнсіздік пен авторлық талдау сияқты тәсілдерді шебер ұштастыра отырып, адам жанының терең қатпарларын ашты.

Ә.Кекілбаев кейіпкерлері – тек дәуірдің өкілдері емес, **адамдық болмыстың мәңгілік архетиптері**. Оның шығармаларындағы психологиялық талдау қазақ әдебиетінің дүниетанымдық көкжиегін кеңейтіп, адам мен әлем, тұлға мен қоғам, рух пен материя арасындағы байланыстарды көркемдік тұрғыда пайымдауға жол ашты.

Әбіш Кекілбаев романдарындағы образ сомдау – тек көркем бейне жасау емес, ол арқылы адам жанының терең иірімдерін, ұлттық болмыстың күрделі құрылымын ашу. Ішкі монолог, көркем диалог, психологиялық портрет, уақыт пен кеңістік – осы амалдар жазушының кейіпкерін тірі тұлғаға айналдырады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кекілбаев Ә. *Аңыздың ақыры*. – Алматы: Жазушы, 1983.
2. Кекілбаев Ә. *Үркер*. – Алматы: Жазушы, 1981.
3. Кекілбаев Ә. *Елең-алаң*. – Алматы: Жазушы, 1984.
4. Кекілбаев Ә. *Ақырғы аялдама*. – Алматы: Жазушы, 1984.